**"Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ**
**«Өзін –өзі басқару ұйымының» І жартыжылдықта атқарылған іс- шаралардың есебі**

**Аға тәлімгер: Тилеухан Маржан**

**2022-2023 оқу жылы**

**И. Құтпанұлы атындағы орта мектебінің «өзін-өзі басқару» ұйымының қыркүйек айында атқарылған іс-шаралардың есебі**

Қыркүйек айында өткізілмей қалған флешмоб қазанның 6-ы күні 6 сынып оқушылары арасында «Біз өнерлі жастармыз» тақырыбында флешмоб ұйымдастырылды. Мақсатымыз: балалар бойында шығармашылық қабілеттерін дамыту, өзіне деген сенімділік пен жауапкершілікті арттыру.





Жоспарға сай қыркүйектің 30-шы жұлдызында ұстаздар мерекесіне орай 11 сынып оқушылары өзін-өзі басқару күнін ұйымдастырып, ұстаздарға мерекелік көңіл- күй сыйлады.




Қыркүйектің 19-ы мен қазанның 05-27 күндері аралығында «Ғаламшарыңызға қамқорлық жасаңыз» экологиялық акцияда атқарылған іс-шаралар:

Қыркүйектің 19-шы жұлдызында 5-11 сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті сыныбым» сынып тазалығына байланысты іс-шара ұйымдастырылды (гүл суару, шаң сүрту т.б). Мақсатымыз: оқушыларды ауа, сынып тазалығын сақтауға, мектепке жанашыр, қамқор болуға үйрету.





Қыркүйектің 21-ші жұлдызында 8-11 сынып оқушылары арасында «Табиғат және біз» тақырыбында оқушыларға өз ауласын тазалау шарасы ұйымдастырылды. Мақсатымыз: оқушыларды ауа, сынып тазалығын сақтауға, мектепке жанашыр, қамқор болуға үйрету.





Қыркүйектің 23-ші жұлдызында 8-10 сынып оқушылары арасында «Таза ауа- таза мектеп» мектеп ауласын тазалау шарасы ұйымдастырылды.
Мақсатымыз: Қоршаған орта, табиғат, жануар, өсімдік, адамзатты сүю, қорғау-парасат, білейік оны жамағат.






Қыркүйектің 27-ші жұлдызында 9 сынып оқушылары арасында «Экологиялық мәселе» тақырыбында эссе сайысы өткізілді. Экологиялық орта қалыптастыру, инновациялық қалыпта шығармашылық жұмыстарға жұмылдыру, патриоттық сезімдерін ұялату.




**И. Құтпанұлы атындағы орта мектебінің «өзін-өзі басқару» ұйымының қазан айында атқарылған іс-шаралардың есебі**

Қазанның 4-ші жұлдызында 9 сынып оқушылары арасында «Табиғатты қалай қорғауға болады?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Шарада оқушылар табиғаттың басты мәселелерін көтерді және оның шешу жолдарын қарастырып, өз ойларын қағазға түсірді. Оқушылар табиғатты қорғауға болашақта өз үлестерін қосатынына кәміл сенеміз.





Қазанның 6-шы жұлдызында 8 сынып оқушылары арасында «Табиғат -ғажап әлем» тақырыбында сурет сайысы өткізілді. Іс- шараның басты мақсаты : жастар бойына қоршаған ортаға, табиғатқа және де қоғамға деген экологиялық мәдениеттерін қалыптастыру.






Қазанның 7-ші жұлдызында 4-9 сынып оқушылары арасында «Табиғат тамашалары» тақырыбында өлеңдер оқу сайысы өткізілді.





Қазанның 7-ші жұлдызында 1-6 сынып оқушылары арасында «Күзгі сый» қолөнер бұйымдарын жасау ұйымдастырылды.Оқушылар өте белсене ат салысты себебі қолдан әр түрлі әсем бұйымдар жасап, таныстырды.




Қазанның 10-шы жұлдызында Ғаламшарыңызға қамқорлық жасаңыз» экологиялық акцияға белсене қатысқан оқушылар марапатталды.





Қазанның 13-ші жұлдызында аудандық «Ұланбасылар» кездесуі өтті. Мақсаты: Көшбасшы бойында болу керек қасиеттерді танып, бойына сіңіру. Және тренинг арқылы оқушылар өз білімдерін шыңдап үнемі дамып отыру қажеттігін түсінді.




Қазанның 1-ші жұлдызында «Өз жүрегіңмен жылыту» қарттар күні мерекесіне орай өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары да күй ойнап, қарттарымызға жақсы көңіл күй сыйлады.





Қазанның 5-30 күндері аралығында «Жүректен жүрекке мейірімділік» қамқорлық акциясы ұйымдастырылды. Мақсатымыз:Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуді үйрету.






Қазанның 13-ші жұлдызында 7 сынып оқушылары арасында «Спорт денсаулық кепілі» жеңіл атлетикадан спорттық сайыс өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды спорттық ойындарға бейімдеу, денсаулықтарын жақсарту, қызығушылықтарын арттыру. Оқушылардың адамгершілік, күш, ерік-жігер қасиеттерін және психологиялық процестер мен адамдық қасиеттерді дамыту.

Дене шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру.







Жетінші қазан күні Ақмола облысы Аршалы ауданы білім басқармасының ұйымдастыруымен «Күз ханшайымы мен ханзадасы» байқауы өткізілді. Байқауға аудан бойынша 17 мектеп қатысты.Мектебімізден 9 «В» сынып оқушылары Хусайн Шахизат Қанатұлы, Қайрат Нұрай Зиятқызы қатысып «Бас жүлдені» иеленді.

Байқау шарттары:
1)Таныстыру видеороликпен ( қатысушылардың аты-жөні, жасы, сыныбы, қызығушылығы);
2) «Шығармашылық конкурс»
(Қатысушы жұптың өнерлері, ән, би, әдеби қойылым, қолөнер жұмыстары);
3) «Интеллектуалды конкурс»
4) «Күз кереметі»
(Күздік бұйымдардан ханзада мен ханшайымның киім үлгілері);
5) «Күздік икебана» (Күздік көкеністер мен жеміс-жидектерден икебана жасап алып келіп таныстыру);
Байқау барысында ханзадамыз бен ханшайымымыз ұйқасты өлең жолдарымен өздерін таныстырып, қазақтың «Қара жорғасымен» мың бұралып билеп, өз өнерлерін көрсетіп, білім мен зейіндерін ортаға салып, шебер қолөнерлерімен әзірлеген киім үлгілерін сән үлгісінде көрсетіп, күздік көкеністер мен жеміс-жидектерден икебана жасап, бар өнерлерін ортаға салды.





Қазанның 13-14-ші жұлдызында «Күз ханшайымы мен ханзадасы» күзгі балл іс-шарасы ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: «Күз ханзадасы мен ханшайымы» сайысына қатысушылардың арасынан күз ханшайымын және күз ханшасын анықтау. Оқушылардың тапқырлығын, шеберлігін бақылау.Күз айлары туралы білетіндерін ортаға сала отырып, оқушылардың сайысқа деген қызығушылығын, ынтасын арттыру.Ұйымшылдыққа, өз ойларын ортаға салып көрсете білуге, табиғатты сүюге тәрбиелеу.



«Өзін- өзін басқару» ұйымының мүшелері апта сайын сап түзеуде ұйымдастырылатын іс-шарамен марапаттарды оқушыларға табыстап, марапаттап отырды.



«Өзін- өзін басқару» ұйымының мүшелері парламент отырыстарын өткізіп, атқарған шараларының есебін қорытындылап отырды.



Республика күніне орай 22- ші қазан күні мектебімізде 10 сыныптар арасында" Мен - тәуелсіз елдің азаматымын" тақырыбында пікірсайыс болып өтті. Оқушылар өз ойларын ортаға сала отырып достығы мен татулығы жарасқан, бейбіт аспан мен дархан даланың азаматы болғандығын мақтан тұтатын,болашақта жүрегі қазақ деп соғатын, ел мүддесін ойлайтын азамат болатынына сенімділіктерін алға тартты.
Қортындылай келе,еліме қызмет етіп, тек биіктерден көрінеміз деп мақсат қойды.





**И. Құтпанұлы атындағы орта мектебінің «өзін-өзі басқару» ұйымының қараша айында атқарылған іс-шаралардың есебі**

01.11.- 25.11.2022 аралығында «Өз құқығыңды біл. Ұстан. Бұзба!» атты аудандық акция өткізілді

Өткізу күні:

Мақсаттары мен міндеттері:

- негізгі құқықтық нормаларды білетін жане мемлекеттің құқықтық жуйесінің мумкіндіктерін пайдалана білетін заңға бағынатын азаматты тарбиелеу;
- оқушылардың құқықтық мадениет деңгейін арттыру;
- оқушылардың құқықтық сауаттылығын жане құқықтық санасын дамыту;
- оқушылардың өз құқықтарын заң көмегімен қорғау біліктерін қалыптастыру.

Осы мақсаттарды негізге ала отырып атқарылған іс-шаралар:

«Өз құқығыңды қорғау және басқаның құқығына қол сұқпау» тақырыбында инспектормен кездесу. Мектебімізде Аршалы ауданы полиция бөлімінің ювиналды полиция тобының учаскелік полиция инспекторы Мусабеков Нұрсұлтан Нуржанович, аға лейтенант Омарова Назира Санбекқызымен 3-11 сынып оқушыларының ұлдары арасында кездесу өткізілді. Балалардың өз құқықтарын қорғай білуі, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтар туралы айтылып, бұндай жағдайлардың салдарын, жазалануы туралы айтылып алдын алу жұмыстары жүргізілді.





Жасөспірімдер арасында Интернетте, әлеуметтік желілердегі мінез-құлық мәдениеті және құқықтық сауаттылық туралы өзін-өзі басқару ұйымының құқық фракциясының оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.












18.11.22 күні өзін-өзі басқару ұйымының қамқорлық фракциясы бастауыш сынып оқушыларына тәттілер мен жылы тілектер, жігерлендіретін сөздер жазылған қағаздар салынған сыйлықтар таратты. Ондағы мақсат: мектеп өмірін шырайландыру, үлкен ретінде өзінен кішілерге қамқорлық көрсету, балалардың өз күштеріне деген сенімділіктерін аттыру. Сыйлық алған оқушылар қатты риза болып, құшақап алғыстарын айтып жатты. Өздеріне жазылған жігер беретін сөздерді оқып, тәттілерден дәм тату арқылы көңіл-күйлерінің көтеріліп, оқуға ынталарының арта түскеніне күмән жоқ. Сондықтан бұндай үрдіс жалғасын таба бермек деген ойдамыз.








11.11-22.11 аралығында 5-6 сыныптар аралығында «Адам өмірінде білім алу қаншалықты маңызды?» тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың білім алудың маңыздылығын түсінуі және оған нақты дәлелдер келтіре отыра, оқу процесіне деген жауапкершілік сезімдерін арттыру. Байқауда жиырмадан астам эссе жұмыстары қарастырылды. Нәтижесінде:

Бас жүлде: Аманжолова Назым 6 "Б"

1-орын: Идрисова Аяжан 6 "А", Семсер Айдана 6 "Д"

2-орын: Ниас Каусар 6" А", Уалихан Айзия 6"Ә"

3-орын: Тұрысбек Сабина 6"А", Жиенбай Мирас 6"Д", Теңелбай Айдана 6"Б" иеленді. Байқаудың нәтижесі жарияланып, жүлдегерлер марапатталды.



11.11.22 күні «Біз Қазақстан балалары» атты «Жас Ұлан» Б.Ұ. көшбасшыларының аудандық слеті өтті. Мақсаты жасөспірімдер бірлестіктерінің іскерлік, көшбасшылық белсендігін арттыру, тәжірибе алмасу.  Байқауға ұйымның жұмысы туралы видеоматериал және презентация жіберілді.


өзін-өзі басқару ұйымының бір-бірімен амандасуы


Дебат "білім артық па байлық артық па?"


Экологияны қорғау туралы жиналыс


"Спорт- денсаулық кепілі" атты эстафеталық сайыс


Экологиялық акция

07.11.22-21.11.22 аралығында «Менің құқықтарым, міндеттерім» атты құқықтық тәрбие бойынша аудандық сырттай конкурс өткізілді. Мақсаты: өскелең ұрпақтың құқықтың және ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Конкурс шарты бойынша 1 минуттық сюжеттік видеоматериал жіберілді.




Менің құқықтарым, міндеттерім

21.11.22 күні КТК фестивалінің іріктеу ойындары онлайн түрде өткізілді. Мақсаты: оқушылардың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруына қолайлы жағдай жасау. Мектепшілік іріктеуге 8 «б» 10 «ә», 9 «в» сыныптары қатысып, аудандық іріктеуге 9 «в» сыныбының әзілдерінің бейнематериалы жіберілді.







03.11-25.11 аралығында фракция мүшелері мектепішілік /мектеп формасы, оқулық, суық қару, т.б./ рейд ж.ргізіп отырды. Мектеп формасын сақтамаған, оқулығына ұқыпты қарамаған оқушыларға ескертулер жасалынды. Түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

**И. Құтпанұлы атындағы орта мектебінің «өзін-өзі басқару» ұйымының желтоқсан айында атқарылған іс-шаралардың есебі**

15.12 күні құқық және тәртіп фракциясы тарапынан 5-6 сынып оқушыларына «Әдеп-ең қымбат қазына» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел мақсаты: балалардың өзін-өзі ұстау мәдениетінің қалыптасуына ат салысу, тәртіптік мәселелердің алдын алу. Дөңгелек үстел барысында қатысушылармен белсенді жұмыс жүргізіліп, сұрақ-жауап, пікірлесу арқылы тақырып бойынша мәселелер, оқушылардың өз-өзін әдеп тұрғысынан бағалауы, өз бойларындағы жағымды мінез-құлықты қалыптастыру жолдары талқыланды.





6 «а» сынып оқушысы Аийылдыз Ягмур аудандық 12-26.12 аралығында өткен «Мен сені сүйемін, туған жерім» аудандық сырттай фото сурет байқауына қатысты.



19-30.12 аралығындағы «Қысқы ертегі» атты аудандық науқан аясында жаңа жыл мерекесіне орай 1-11 сыныптар арасында 27-29.12 күндері мерекелік іс-шаралар өткізілді. Мерекеге жаңа жыл мейрамының негізгі кейіпкерлері: Аяз ата мен Ақшақар, ескі жыл мен жаңа жыл жануарлары: барыс пен қоян, сондай-ақ ертегі кейіпкерлері түлкі мен аю ретінде жоғарғы сынып оқушылары келіп, балаларды құттықтап, ал балалар өз кезектерінде жоғарғы деңгейде өнерлерін көрсетті.




BRAVE

2023












03.12-25.12 аралығында фракция мүшелері мектепішілік /мектеп формасы, оқулық, суық қару, т.б./ рейд жүргізіп отырды. Мектеп формасын сақтамаған, оқулығына ұқыпты қарамаған оқушыларға ескертулер жасалынды. Түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Өзін- өзін басқару» ұйымының мүшелері парламент отырыстарын өткізіп, атқарған шараларының есебін қорытындылап отырды.

